

Рухани жаңғыру
– ұлтымыздың ұлт
болып ұйысуының,
тарихымызды сақтаудың,
тұлғаларымызды
танытудың, өткенімізді
білудің, болашаққа
бағдардың, келешекке
ғибратты із қалдырудың
мәйегі болатын бастама.
Әлемдегі заманауи
экономикалық, әскери-
саяси ахуалды ескере
отырып, қоғам санасын
жаңғырту – бұл өмірлік
маңызы бар және қажетті
қадам.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТ ҰЙЫСУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Бұл жерде Алаш зиялыларының «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп аңсауы ұлт тәуелсіздігі, сана еркіндігі екендігін аңғарамыз. Себебі ХХІ ғасыр қазақ халқы үшін – жаңа дәуірдің, еліміздің өркендеуі үшін – жаңа белестің басталған уақыты. Ақпараттар ағыны толассыз жаңарып, жаһандану заманында өзгенің жетегінде кетпес үшін еліміздің ертеңіне алаңдап, ұлт болашағының жарқын өмір сүруі үшін істеген бүгінгі қызметімізге байланысты.

Қазіргі таңда қоғамның рухани жаңғыруы әр адам санасының жаңғыруына қатысты бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, революциялық емес эволюциялық жолмен даму, сананың ашықтығы бағыттары алға қойған

қадамымыздың нақты көрінісі екені сөзсіз.

Әлемнің жылдам өзгеруі жағдайында, техника мен инновацияның дамыған кезінде адами капитал сапасы мен бүкіл халықтың бәсекеге қабілеттілігі маңызды. Бұл күнде адам ресурстары мен технология арасындағы алшақтық басым көрініс табуда. Оның алдын алу мен шешудің бір жолы – қоғамның бірлескен күшінің жұмылуы екені сөзсіз. Бұл әрбір тұлғаның азаматтық ұстанымына, қоғам алдындағы жауапкершілігіне, отаншылдық қасиетіне, сананың ашықтығына қолдау көрсетеді. Себебі адамзат құндылықтарының мәні – руханият және рухани құндылықтар.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекетіміз саяси және экономикалық жаңғырудан өткендігі елге айқын, алайда біртұтас ұлт

ретінде қалыптасу үшін рухани жаңғырудың маңызды екендігіне тарих куә және де рухани жаңғыру алдыңғы жаңғырудың өзегі болмақ.

Ұлттық сананың жаңа үлгісі халықтың өткені мен бүгінгісінің және болашағының көкжиегін байланыстыратын тұғырнама болып табылады және ол ұлттық сананың кереғар жақтарын бітістіруге бағытталады. Бұл дегеніміз – қоғамдық сананы жаңғырта отырып, бәсекеге төтеп беру, жүріп өткен жолымыздан сабақ ала отырып қадам жасау, бағытымыздың анықтығын айқындау, рухани құндылықтарды жаңғырту болмақ.

**Гүлжан ӘБДІКЕРІМОВА,
Ақсымбат МАДАЛИЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Мемлекеттік тілді
оқыту» кафедрасының
оқытушылары.**